



# Maghan juldzy

6+

Мағжан Жұмабаев ауданының газеті

2008 жылдың 11 шілдесінен шығады

№ 17 (919) 30 сәуір 2026 жыл

www.facebook.com/Maghan\_zhuldizi | https://www.instagram.com/maghan.zhuldizi/ | e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

ЖҰМЫС САПАРЫ



Құрметті солтүстікқазақстандықтар!  
Қадірлі жерлестер!

Сіздерді Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл жарқын мереке – қоғамымыздағы бейбітшілік пен тұрақтылықтың берік негізі саналатын бірлік, өзара құрмет пен келісімнің символы. Халық бірлігі – біздің ең басты байлығымыз, елдің табысты дамуы мен жарқын болашағының кепілі.

Жуырда қабылданған Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы демократиялық қағидаттарды, әділеттілікті және заң үстемдігін нығайтуды көздейді. Ол қоғамымыздың жаңаруға деген ұмтылысын көрсетіп, азаматтардың мемлекеттік басқаруға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтеді және әрбір адамның құқықтары мен бостандықтарына кепілдік береді.

Солтүстік Қазақстан облысында түрлі этнос өкілдері бейбітшілік пен келісімде өмір сүреді. Бізді бір-бірімізге деген құрмет, туған жерге деген сүйіспеншілік және оның болашағына деген жауапкершілік сияқты ортақ құндылықтар бір мақсатқа біріктіреді. Осының арқасында біз сенімді түрде алға жылжып, маңызды әлеуметтік-экономикалық жобаларды жүзеге асырып, тұрғындарымыздың өл-ауақатын арттырамыз.

Мерейлі мереке күні қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға өз еңбегімен және белсенді азаматтық ұстанымымен үлес қосып жүрген баршаңызға шынайы алғысымды білдіремін.

Сіздерге зор денсаулық, бақыт, бейбітшілік пен амандық тілеймін! Әр шаңыраққа татулық пен түсіністік орнасын, еліміз әрдайым гүлдене берсін!

Фауез НҰРМҰХАМБЕТОВ,  
Солтүстік Қазақстан облысының өкімі.

Құрметті Мағжан Жұмабаев ауданының тұрғындары!

Сіздерді 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Бұл мереке – бейбітшілік пен келісімнің, өзара құрмет пен сенімнің нышаны. Бұл құндылықтар еліміздің тұрақтылығы мен өсіп-көрудеуінің берік негізі болып табылады. Қазақстанның көпұлтты халқының бірлігі – біздің ең басты байлығымыз әрі жарқын болашағымыздың сенімді тірегі.

Біздің ауданда көпұлтты Қазақстанның көптеген этностарының өкілдері тұрады. Мәдениеттер мен дәстүрлердің алуан түрлілігі біздің ауданды одан да күшті, біртұтас және рухани бай етеді.

Жуырда ғана біз жаңа Конституцияға дауыс беруге қатысып, азаматтық жауапкершілігімізді және ел дамуының алдағы бағытын таңдаудағы бірлігімізді тағы бір мәрте дәлелдедік.

Біздің күшіміз – бірлікте, ынтымақтастықта және ортақ еңбекте. Баршаңызға зор денсаулық, бейбітшілік, амандық, бақыт және ауданымыз бен еліміздің игілігі жолындағы табысты еңбектеріңізге сәттілік тілеймін!

Рахат СМАҒҰЛОВ,  
Мағжан Жұмабаев ауданының өкімі.

## ПРЕМЬЕР-МИНИСТРДІҢ ОРЫНБАСАРЫ МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ АУДАНЫНДА



24 сәуір күні Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Қанат Бозымбаев Солтүстік Қазақстан облысының өкімі Фауез Нұрмұхамбетовпен бірге Мағжан Жұмабаев ауданына жұмыс сапарымен келді.

Сапар аясында делегация Булаев қаласында орналасқан Солтүстік Қазақстан облысындағы алғашқы орман өрт сөндіру станциясын аралап, оның қызметімен танысты.

Солтүстік Қазақстан облысындағы орман қоры 688 мың гектарды құрайды. 12 орман шаруашылығымыз бар. Мекелерде 800-ге жуық адам еңбек етеді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2021 жылдан бастап 74 млн көшет отырғыздық. 2027 жылға дейін бұл көрсеткішті 122 млн-ға жеткізуді жоспарлап отырмыз, - деді облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы басшысының міндетін атқарушы Ерлан Төшімов салада атқарылған жұмыстарды баяндай отырып.

Бұл орман өрт сөндіру станциясы 2025 жылдың соңында қолданысқа берілген. Жоба құны - 214 млн теңгені құрады. Іші арнайы талап бойынша барлық құрал-саймандармен жабдықталған. Заманауи станцияның бір ерекшелігі – жанында 25 метрлік мұнараның орнатылуы. Ондағы камералар арқылы аумақты бекетте отырып-ақ шолуға болады.

Станцияда арнайы команда бар. Олар: жүргізуші, отты сөндіретін екі маман және кезекші трактор жүргізуші. Өрт сөндірушілерге арналған қызметтік киімдер, құралдар жеткілікті көлемде берілді. Биыл орман шаруашылығына 10-нан астам техника сатып алынды. Оның ішінде тракторлар, аумақты аралайтын көліктер және мотоциклдер бар, - деді «Булаев» орман шаруашылығының басшысы Ербол Бапашев.

Қанат Бозымбаев пен Фауез Нұрмұхамбетов станцияны аралағаннан кейін өрт сөндірушілермен және орманшылармен кездесті. Мұнда ауданның орман шаруашылықтары мен облыстық төтенше жағдайлар департаментінің орман өрттерін сөндіру, су тасқындарын жою және өзге де төтенше жағдайларда қолданылатын техникалар мен құрал-жабдықтар таныстырылды.

Сонымен қатар, меймандар назарына «Булаев» орман шаруашылығында өрттің алдын алу және ерте анықтауға арналған заманауи мониторинг технологиялары көрсетілді. Атап айтқанда, өртті бақылаудың жаңа жүйелерін енгізуге ерекше көңіл бөлінді. Бұл

жүйелер қауіп-қатерге жедел әрекет етуге мүмкіндік беріп, ауданның орман алқаптарының қауіпсіздігін айтарлықтай арттырады.

Сатып алынған жаңа техникалардың жұмысымен танысқан Үкімет басшысының орынбасары табиғаттың көркі саналатын жасыл желекті көздің қарашығындай сақтап жүрген жандарға алғысын білдірді.

Жасыл желек – біздің байлығымыз. Оны көздің қарашығындай сақтап, қорын молайтуымыз қажет. Бұл бағытта орман шаруашылығы қызметкерлері аянбай еңбек етіп келеді. Мемлекет тарапынан Сіздерге зор қолдау көрсетіледі, - деді Қанат Бозымбаев.

Биыл облыста 70-тен астам дала өрті тіркелген. Олардың ерқайсысында орманшылар оқиға орнына тез арада жетіп, тілсіз жаудың таралуына жол бермеді. Қанат Алдабергелі бұл бағыттағы жүйелі жұмысты одан әрі жалғастыру қажеттігін айтты.

Кездесу соңында төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жүйесін одан әрі дамыту, сондай-ақ салалық қызметтердің материалдық-техникалық базасын нығайту жөніндегі алдағы жоспарлар талқыланды.

Еркін ТӨЛЕГЕН,  
суреттерді түсірген автор.



ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

# ДОСТЫҚ АУЫЛЫНДА ЖОҒАРЫ ЖЫЛДАМДЫҚТЫ ИНТЕРНЕТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

*Достық ауылында жоғары жылдамдықты интернет іске қосылды, енді тұрғындар үшін жылдам әрі тұрақты байланыс қолжетімді.*

Жағымды жаңалық аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен өткен Достық ауылы тұрғындарымен кездесуде айтылды. Кездесуге Солтүстік Қазақстан облысы цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Азамат Байтеміров пен «Транстелеком» АҚ-ның «Көкшетау-транстелеком» филиалының басқарушы директоры Асқар Досмағамбетов қатысты.

Айта кетейік, 2026 жылғы 9 сәуірде Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігі мен «Көкшетау-транстелеком» филиалы арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылған болатын. Құжатқа аудан әкімі Рахат Смағұлов пен филиал басшысы Асқар Досмағамбетов қол қойған. Тараптар бұл бастама өңірдегі интернет сапасын жақсартып, шалғай елді мекендерді байланыспен қамтуға жол ашатынын атап өткен еді.

Осы меморандум аясында қысқа мерзім ішінде Авангард ауылдық округіне қарасты Достық ауылында пилоттық жоба жүзеге асырылып, GPON технологиясы арқылы интернет тартылды. Бұл тех-



нология аудан аумағында алғаш рет дәл осы Достық ауылында қолданылып отыр. Жоба тұрғындардың көптеген өтініштерін ескере отырып, алғашқы кезеңде іске асырылған. Мамандардың айтуынша,

GPON технологиясы деректерді жоғары жылдамдықпен жеткізеді. Жүктеме көп болған жағдайда да тұрақты әрі сенімді жұмыс істеуге мүмкіндік береді. Ал магистральдық желі радиорелейлік бай-

ланыс желілері мен Starlink спутниктік желілері арқылы ұйымдастырылған. Бұл шешім тіпті шалғай аймақтарда да сапалы әрі қолжетімді интернетпен қамтуға жағдай жасайды.

Жиында жоба аясында ауылды сапалы интернетпен толық қамтамасыз ету және ауданның өзге де ауылдарын кезек-кезегімен қосу жоспары таныстырылды. Кездесу барысында тұрғындардың сұрақтарына жауап беріліп, цифрлық инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар жалғасатынын айтылды.

Бұл жоба ауданның басқа да сирек қоныстанған елді мекендерінде қолдануға тиімді, - деп атап өтті мамандар.

Осылайша, Мағжан Жұмабаев ауданында интернетке қолжетімсіз аумақтарды азайтуға мүмкіндік берді. Ауыл тұрғындарының білім беру, денсаулық сақтау мен цифрлық қызметтерге қолжетімділігін кеңейтуге бағытталған маңызды қадам жасалып отыр.

Кездесу барысында жоғары таныстырылып, тұрғындардың сұрақтарына жауап берілді. Бұл бағыттағы жұмыстар жалғасын табады.

**Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.**

ТАҒАЙЫНДАУ

## КАДРЛЫҚ ТАҒАЙЫНДАУЛАР

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2026 жылғы 17 сәуірдегі № 14 өкімімен аудан әкімдігінің ішкі саясат бөлімінің басшысы лауазымына Нұрқайдарова Сәуле Еркінқызы тағайындалды.

Нұрқайдарова Сәуле Еркінқызы 1970 жылғы 19 қарашада туған. Жоғары білімі бар: 2005 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Педагогика және бастауыш оқыту әдістемесі» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1990 жылы Булаев ауданы Хлебобор орталау мектебінің мұғалімі болып бастаған. 1991-1995 жылдары № 1 Булаев орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі болып жұмыс істеді. 1995 жылдан 2005 жылға дейін Хлебобор орталау орта мектебінің мұғалімі. 2005 жылы аталған мектептің директорының төрбие ісі жөніндегі орынбасары болып тағайындалды.

2005 жылғы шілдеден 2009 жылғы маусымға дейін ауданның ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ішкі саясат жөніндегі бас маманы лауазымын атқарды (2006 жылдан бастап бөлім Мағжан Жұмабаев ауданының



ішкі саясат бөлімі болып қайта ұйымдастырылған).

2009-2013 жылдары Мағжан Жұмабаев ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы. 2013 жылғы мамырдан тамызға дейін ауданның мәдениет және тілдерді дамыту, дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы. 2013-2015 жылдары Медвежка орта мектебінің директоры.

2015 жылдан 2020 жылға дейін Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат бөлімін басқарды, қайта ұйымдастырылуына байланысты 2020-2025 жылдары Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы болды.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2026 жылғы 30 сәуірдегі № 16 өкімімен аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы лауазымына Сұрағанова Динара Жасланқызы тағайындалды.

әкімдігінің «Халық өнерпаздары шығармашылығын және бос уақытты ұйымдастыру қызметі орталығы» МҚКК концертмейстері болып бастаған. 2014-2018 жылдары Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің «Халық өнерпаздары шығармашылығын және бос уақытты ұйымдастыру қызметі орталығы» МҚКК әдіскер-нұсқаушысы болып жұмыс істеді.

2018 жылдан 2026 жылға дейін Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің «Халық өнерпаздары шығармашылығын және бос уақытты ұйымдастыру қызметі орталығы» МҚКК директоры болып жұмыс істеді.



Сұрағанова Динара Жасланқызы 1988 жылғы 26 наурызда туған. Арнаулы орта және жоғары білімі бар: 2009 жылы Петропавл өнер колледжін «Ән салу» мамандығы бойынша, 2021 жылы Манаш Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан мемлекеттік университетін «Музыкалық білім» мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2009 жылы Мағжан Жұмабаев ауданы

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ОТЫРЫСЫ

## ЕКІ МАҒЫЗДЫ МӘСЕЛЕ ҚАРАЛДЫ

28 сәуір күні аудан әкімі Рахат Смағұловтың төрағалығымен Мағжан Жұмабаев ауданы әкімдігінің кезекті отырысы өтіп, күн тәртібінде аудан аумағында 2026 жылғы ерт қауіпті кезеңге дайындық туралы және ауданның елді мекендерін сумен қамтамасыз ету шаралары туралы сұрақтар қаралды.

Алғашқы сұрақ бойынша аудандық төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы Қуатбек Қалықов баяндама жасап, облыс аумағында ерт қауіпті кезең 6 сәуірде басталғанын жеткізді.

Бүгінгі таңда орман және дала өртері тіркелмеген. 2025 жылдың қорытындысы бойынша материалдық залалсыз жалпы ауданы 2,7 га болатын 1 орман өрті тіркелді. Сонымен қатар, елді мекендер төтенше жағдайлар ауданы 30,5 га болатын 4 жану фактісі тіркелді, бұл ретте дала өртері мен ауыл шаруашылығы алқаптарында өртерге жол берілмеді.

Төтенше жағдайлар бөлімі мен бөлімшелерінің күштері және құралдары табиғи өртерді жоюға дайын. Бөлім, орман мекемелері және жергілікті полиция қызметі қызметкерлерінен тұратын 5 мобильді топ құрылды.

«Ауыл құтқарушылары» бағдарламасы аясында ЖАО-ның 6 өрт сөндіру пункті және 50 өрікті өрт сөндіру құралымен жұмыс істейді (барлығы 6 өрт сөндіру бөкеті қайта жаңартуды талап етеді).

Ағымдағы жылы Қонохов ауылдық округінде 348 адамнан тұратын 2 елді мекенді қорғауды қамтамасыз ететін өрт сөндіру пунктін ашу жоспарлануда.

Басты мәселелердің бірі өлі күнге дейін қатты тұрмыстық қалдықтар полигонының жануы болып табылады, бұл өрттің орман алқаптары мен ауылшаруашылық жерлеріне өтуіне нақты қауіп төндірді, - деді ТЖБ өкілі.

Бірінші сұрақ бойынша «Булаев орман шаруашылығы» КММ басшысының орынбасары Игорь Горбачев те сөз алып, мекеменің өрт қауіпті кезеңге дайындығы бойынша ақпарат ұсынды.

«Булаев орман шаруашылығы» КММ 2026 жылдың өрт қауіпті кезеңіне арналған Іс-шаралар жоспары бекітілді.

2026 жылдың 5 ақпанынан 5 наурызына дейін өрт қауіпті маусымға дайындық айлығы өткізілді. 2026 жылғы 20 наурызда дейін мемлекеттік орман күзеті қызметкерлерін «Мемлекеттік орман күзеті, орман өрт сөндіру станциялары және авиациялық өрт сөндіру қызметі қызметкерлерін орман өрттерін сөндіруге оқыту қағидаларына» сәйкес оқыту жүргізілді.

Сондай-ақ орман өрттерін сөндіру, алгоритмді орындау, ормандардағы өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзғаны үшін хаттамаларды ресімдеу, аумақтарды өрте қарсы жайластыру мәселелері бойынша нұсқама мен оқу-жаттығулар өткізілді.

Орман өрттерін жою үшін «Булаев орман шаруашылығы» КММ-де 3 типті ОЭС бар (Суворов, Қонохов және Булаев орман шаруашылығы): КММ бойынша барлығы 22 патрульдік автокөлік, ЖАС - 3 бірлік, өрте қарсы жабдықтары бар 15 трактор, 3 өрт сөндіру машиналары мен 10 бірлік мотоцикл бар.

Өрте қарсы құрал-жабдықтарға келер болсақ, мекемеде 427 дана - өрт сөндіруге арналған жер қақшы, 270 дана - күрек, 10 дана - шынжырлы ара, 108 дана - балта, 123 дана - аспалы өрт сөндіргіш бар. Орман күзеті нормаларға сәйкес бекіністі құралдарымен жабдықталған. Сондай-ақ, нормаларға сәйкес ЖЖМ қоры бар.

2024 жылы Лопудино ауылында (1 қамара) орман өрттерінің мониторингі жүзесі (орман күзетшісі) орна-тылды, айналғу радиусы 15 шақырымды құрайды. Быыл лизинг бойынша 3 бірлік өрт сөндіру техника-сын сатып алу жоспарлануда, - деді «Булаев орман шаруашылығы» КММ басшысының орынбасары.

Екінші сұрақ бойынша ТКШ, ЖК және АЖ бөлімінің басшысы Асхат Қыраубаев аудандағы елді

мекендерін сумен қамтамасыз ету туралы мәлімет ұсынды.

Аудандағы елді мекендерді орталықтандырылған сумен қамтамасыз ету ұзындығы - 570,16 км «Есіл су» РМК Булаев магистральдық су құбыры басқармасымен және ұзындығы - 363 км (жұмыс істеп тұрғандары 314 км, жұмыс істемейтіндері 49 км) тарту желісімен ұсынылған. Елді мекендер (57) орталықтандырылған сумен 100% қамтамасыз етілген.

2026 жылы сумен жабдықтауды жөндеуге 184 557,0 мың теңге бөлінді, соның ішінде облыстық бюджеттен 168 657,0 мың теңге бөлінді. Соның нәтижесінде Қараоқа ауылында су қысымы құрылыстарының алаңын қайта жаңартумен тарту желілерін салу, Успенка ауылында су құбыры құрылыстары алаңын салу, Возвышенка ауылында таза су резервуарларын ағымдағы жөндеу, Ганькино ауылы мен станциясындағы су қысымы мұнараларын ағымдағы жөндеу, Береке ауылындағы су қысымы құрылыстарын ағымдағы жөндеу, Құралай ауылындағы сорғы және таза су резервуарларын ағымдағы жөндеу, Бинаш ауылындағы сумен жабдықтау объектісін ағымдағы жөндеу, жобаны аяқтау үшін Қарағанды ауылындағы су құбыры құрылыстарының тарту желілері мен алаңын салу бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Аудандық бюджеттен 15,9 млн. теңге бөлінді, бұл қаражат Авангард, Бастомар, Лебязье және Чистов ауылдық округтерінде орналасқан сумен жабдықтау нысандарына қызмет көрсету және жөндеу үшін бағытталды.

Придорожное және Пролетарка ауылдарында су қысымы құрылыстары алаңын салумен тарту желілерін қайта жаңартуға, Қонохов және Майбалық ауылдарында құрылыстың аяқталуына жобалау-сметалық құжаттама әзірленді.

Золотая Нива, Пулеметовка, Сарытомар, Хлебобор, Ұзынқөл, Еремеевка, Веселовка, Гаврино, Ногайбай ауылдарында таза су резервуары мен сорғы тобын орнатуға жалпы сомасы 242 393,3 млн. теңгеге сумен жабдықтауды ағымдағы жөндеуге бюджеттік өтімін берілді.

Сондай-ақ ағымдағы жылы «Есіл Су» филиалына беру үшін құбырларды сатып алу бойынша жұмыстар жоспарланған. Магистральдық су құбырларынан Бастомар, Майбалық және Сарытомар ауылдарына су буру магистральдарына жөндеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

Сумен жабдықтау объектілерінің желілері мен құрылыстарының құжаттамасын «Есіл су» РМК балансына тапсыру кестесіне сәйкес ағымдағы айда 12 объектіні беруді жүзеге асыру жоспарлануда, 5 объекті техникалық паспорттар дайындалғаннан кейін, ал тағы 5 объект жөндеу жұмыстары аяқталғаннан кейін берілетін болады.

Сумен жабдықтау объектілерін «Есіл су» РМК-ға тапсыру объектілерге тиісті қызмет көрсетуді қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, - деді Азамат Жанғабайұлы.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов тұрғын-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар келігі және автомобиль жолдары бөліміне елді мекендердегі сумен жабдықтау объектілерін жөндеу жұмыстарының барысын бақылауды күшейтуді және жұмыстарды аяқтауды, сумен жабдықтау объектілерін пайдалануға беруді тапсырды.

Әкімдік отырысының қорытындысы бойынша әр сұрақ бойынша қаулы қабылданып, тапсырмалардың орындалуы бақылауға алынды.



# 20 МЫҢНАН АСТАМ КӨШЕТ ОТЫРҒЫЗЫЛДЫ



Мемлекет басшысының бастамасымен «Таза Қазақстан» тұжырымдамасы аясында 21–26 сәуір аралығында өтіп жатқан «Бүкілқазақстандық ағаш отырғызу күні» республикалық акциясына мағжандықтар да белсенді түрде қосылды.

Сенбі күні елді мекендер мен орман алқаптарында ауқымды қоғалдандыру жұмыстары жүргізіліп, аудан бойынша барлығы 20 мыңға жуық көшет отырғызылды.

Акцияның негізгі мақсаты - аумақты қоғалдандыру, қоршаған ортаны сақтау және табиғатқа деген жауапкершілікті қалыптастыру. Жауапты науқаннан кейін

отырғызылған барлық ағаштарға тиісті күтім жасалынып, тұрақты бақылау қамтамасыз етіледі.

Ауқымды іс-шараға аудан тұрғындары - ардагерлер, қоғам белсенділері, мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен кәсіпорындардың өкілдері, жастар, еріктілер мен эко-белсенділер қатысты. Қатысушылар қатарында аудан әкімі

Рахат Смағұлов, ауданның Құрметті азаматтары Оралбай Сағындықов пен Сергей Заев болды. Сонымен қатар, акцияға «Булаев орман шаруашылығы» КММ қызметкерлері, мектеп оқушылары мен қала жастары белсенді атсалысты.

Ағаш отырғызу шарасы жоғары ұйымшылдықпен және көтеріңкі көңіл күймен өтіп, акция әсем әндермен сүйемелденіп, барлық қатысушыларға ыстық бауырсақ пен дәмді палау тартылды.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

## АРДАГЕРЛЕР ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ СЕНБІЛІГІНЕ ШЫҚТЫ

25 сәуір күні Булаев қаласының орталық алаң айтарлықтай өзгерді. Бұған дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын көктемгі сенбілік ықпал етті. Бұл күні қала тұрғындары «қаланың көркіне ай салысу - ортақ іс» деген ұранмен бірігіп жұмыс жасады.

Аудандық ардагерлер кеңесі төралқасының мүшелері қалалық кеңестің бастауыш ардагерлер ұйымдарының зейнеткерлерімен және белсенді ұзақ өмір сүру орталығы топтарының қатысушыларымен бірге қайырымдылық сенбілігіне шықты.

Сенбілік барысында орталық алаңда орналасқан Жеңімпаз жауынгер ескерткішінің жанының аумағына ерекше назар аударылды.

Аға буын өкілдері қолдарына тырнауыш, сыпырғыш пен қап алып, аумақты тазалауға белсене атсалысты. Осылайша, мағжандық ардагер-

лер ұйымшыл, белсенді әрі патриот жандар екенін тағы бір дәлелдеді.

Жалпы қариялар қауымы көптеген игі іс-шаралардың қасынан табылып жатады. Аталмыш тазалық акциясы туған жердің тазалығына қамқорлық жасау мақсатында өткізіліп, жастар үшін үлгі болады деген сенімдеміз.

Ал мен ардақты ардагерлерімізге сарқылмас күш-қуат және сүйікті Булаев қаласын абаттандыруға қосқан үлесі үшін алғыс айтқым келеді.

Любовь ЕГОРЫЧЕВА,  
қалалық ардагерлер кеңесінің төрайымы.

## ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ СЕНБІЛІГІ



## ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

# ОҚУШЫЛАР ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ



Мағжан Жұмабаев ауданының білім беру ұйымдарында Жер күні аясында экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылды. Игі дәстүрге сай оқушылар мен мұғалімдер ауақтарды тазалады. Сонымен қатар, ауданда құстарға арналған ұя жасау акциясы да өтті.

22 сәуір күні бүкіл әлемде Жер күні атап өтілді. Бұл күн — қоршаған ортаға ұқыпты қарауға және Жердің болашағына жауапкершілікпен қарауға үндейтін маңызды мереке.

Мағжан Жұмабаев ауданының білім беру ұйымдарында бұл күнге орай дәстүрлі түрде түрлі экологиялық іс-шаралар ұйымдастырылады. Оқушылар мен педагогтер ауақтарды тазалау жұмыстарын жүргізіп, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған байқаулар мен үгіт бригадаларына қатысады.

Биыл ерекше әсерлі өткен шаралардың бірі — құстарға арналған ұялар жасау акциясы болды. Барлық мектептер мен балабақшалар бұл іске белсенді қатысып, балалар өз қолдарымен құстарға арналған ұялар жасап, оларды саябақтарда, мектеп ауласында және құстар мекендейтін орындарға орнатты.

Айта кету керек, бұл бастама бұрыннан бері жалғасып келе жатқан жақсы дәстүрге айналған. Күз мезгілінде оқушылар құстарға жем салатын астаулар жасаса, көктемде ұялар дайындайды. Мұндай жұмыстар балалардың табиғатты тереңірек түсінуіне және оған деген жауапкершілігін арттыруға ықпал етеді.

Балалар қанатты достарына қамқорлық көрсетуді ұнатады: оларды қоректендіріп, тіршілігін бақылап, жаңа балапандардың пайда болуына куанады. Осындай іс-шаралар жас ұрпақтың туған жерге деген сүйіспеншілігін арттырып, табиғатқа жанашырлықпен қарауға тәрбиелейді.

Ауданда өткізілетін экологиялық акциялар бір нәрсені айқын көрсетеді: Жерге деген қамқорлық қарапайым, бірақ шынайы игі істерден басталады.

1 МАМЫР - ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ

# ДӘСТҮРЛЕРДІ САҚТАП, БІРЛІКТІ НЫҒАЙТАТЫН ОРТАЛЫҚ

2016 жылы Булаев қаласында Мейрам Қағашұлы Рыспаевтың басшылығымен қазақ халқының ұлттық мәдениетін, салт-дәстүрі мен рухани құндылықтарын сақтау және насихаттау бойынша белсенді және маңызды қызмет атқару аясында «Мақсат» қазақ этномәдени орталығы құрылды.

Орталық құрылғаннан бері қоғамдық келісімді нығайту, этносаралық қатынастарды дамыту және мәдени мұраны құрметтеуге тәрбиелеу үшін маңызды алаңға айналды. Өскемен ұрпақтың бойында туған өлкенің тарихы мен ұлттық дәстүрлерге деген қызығушылықты қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді. Орталық қызметінің жарқын мысалы 2026 жылғы 21 қаңтарда Қарақоға ауылының Мәдениет үйінде өткен «Екі халықтың мұрасы: заманның байланысы» тақырыптық көрмесі болды. Іс-шара 7-сынып оқушылары үшін ұйымдастырылып, оқушыларды қазақ және орыс халықтарының мәдениетімен таныстыруға бағытталған. Экспозицияға ұлттық киімдер, тұрмыстық заттар, ою-өрнек элементтері мен халық өдет-ғұрыптары кірді. Балалар жан-жақты әңгімелер мен көрнекі материалдардың арқасында ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтар мен дәстүрлерді тереңірек түсінді.



Көрме халықтар достығы мен өзара сыйластықтың айқын көрінісіне айналды.

Орталық Наурыз мейрамын тойлау аясында да айтарлықтай жұмыстар атқаруда. 2026 жылғы 16 наурызда тарихи-өлкетану мұражайының қызметкерлері «Мақсат» этномәдени орталығымен бірлесіп «Балдәурен» балабақшасының тәрбиеленушілеріне арналған «Ұлттық дәстүр-ұлт қазынасы» танымдық

іс-шарасын ұйымдастырды. Балалар қазақ дәстүрлерімен, ұлттық ойындарымен және өдет-ғұрыптарымен қолжетімді әрі ойын түрінде танысты. Қуаныш, достық пен бірлік атмосферасын қалыптастырған «Шашу» дәстүрі мен «Домбыраға бер» және «Асық ату» халықтық ойындары ерекше қызығушылық тудырды.

Осы күні Булаев мектеп-бабейжай-бақша кешенінің 5-ші сынып оқушылары үшін де дәл

осындай іс-шара өтті. Оқушылар Наурыз мерекесінің тарихымен және маңызымен танысып қана қоймай, викторина, ойындар мен интерактивті сабақтарға да белсене қатысты. Мұндай кездесулер балаларға өз халқының мәдени мұрасын терең түсінуге және ұрпақтардың ажырамас байланысын сезінуге көмектеседі. 18 наурызда Ұлттық киім күні «Мақсат» орталығы Наурыз-нама онкүндігінің іс-шараларына

белсенді қатысты.

Орталық басшысы жұбайы Әлия Алқақызымен бірге мұражайда жылы кездесу ұйымдастырып, қатысушыларға дәстүрлі наурыз кәже тағамын ұсынды. Бұл тамақ қоңақ-жайылықтың көрінісі ғана емес, сонымен қатар ұлттық дәстүрлердің байлығы туралы да естелікке айналды.

Достық ортада қоңақтар ата-бабаларымыздың салт-дәстүрлерін еске алып, көктемгі мерекенің рухын тағы да сезінді. «Мақсат» этномәдени орталығының қызметі ұлттық бірегейлікті сақтау, рухани құндылықтарды нығайту және өмірдегі этносаралық келісімді дамыту үшін маңызды. Көрме, кездесу, ойын және тірі қарым-қатынас арқылы орталық жастарда дәстүрлерді құрметтеуді қалыптастырады, патриотизмді тәрбиелейді және қоғам бірлігіне ықпал етеді.

Бүгінде «Мақсат» - бұл жай ғана бірлестік емес, мәдениетті бағалайтын, тарихты құрметтейтін және болашақ ұрпақ үшін ата-бабаларының бай мұрасын сақтауға ұмтылатын барлық адамдар үшін нағыз тартымдылық орталығы.

**Айгүл ӘБСАЛЫҚОВА,**  
Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат бөлімінің діни және қоғамдық бірлестіктермен жұмыс жөніндегі бас маманы.

## «ТАТУЛЫҚ - ТАБЫЛМАС БАҚЫТ»

1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні – бейбітшілік пен татулықтың, өзара сыйластық пен келісімнің айқын көрінісі болған ерекше мереке. Бұл күн – тағдыр тоғыстыраған түрлі ұлт пен ұлыстың бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүріп жатқандығын айшықтайтын, ортақ Отанымыз – Қазақстанның басты құндылықтарын дәріптейтін күн.



## «ЛӘҢГІ МЕН АСЫҚ: ОЙЫН, ДӘСТҮР, МҰРА»

Аудандық тарихи-өлкетану музейінде Батыр Баян атындағы Булаев мектеп-гимназиясының 6-шы сынып оқушыларына арналған танымдық әрі интерактивті іс-шара өтті. Аталған шара халықтық мәдениеттің екі жарқын үлгісі - ләңгі мен асық ату ойындарын біріктірді.

Бұл күні музей тек тарих кеңістігі ғана емес, өткен мен бүгінді жалғаған тірі дәстүр алаңына айналды. Қатысушылар ұлттық ойындардың тарихымен танысып қана қоймай, олардың ырғағын, қызығы мен шынайы бәсекелестік рухын сезіне алды.

Эксперсия жетекшісі оқушыларға қазақ халқының өміріндегі ұлттық ойындардың маңызы туралы айтып берді. Қарапайым көрінісімен, ләңгі ойыны ептілік пен төзімділікті талап етіп, балаларды аулада, көшеде, ауылда біріктірген. Ал асық ату - мергендік, көз дәлдігі мен стратегиялық ойлауды дамытатын көне ұлттық ойындардың бірі.

Оқушылар асықтың алшы, төлке, бүк, шік сияқты қырларының мән-мағынасымен танысты. Бұл ұғымдар ежелден ойын нәтижесін анықтап, ойыншының шеберлігін көрсеткен. Мұндай мәліметтер ұлттық мұраның мазмұнын тереңірек түсінуге мүмкіндік берді.

Іс-шараның арнайы қонағы - «Мақсат» қазақ

этномәдени орталығының жетекшісі Рыспаев Мейрам Қағашұлы болды. Ол практикалық бөлімді жүргізіп, өз тәжірибесімен бөлісіп, оқушыларды белсенді ойына тартты.

Іс-шара ұлттық ойындардың бүгінгі күнде де өзектілігін жоғалтпағанын айқын көрсетті. Олар тек дене қабілеттерін дамытып қана қоймай, командалық рухты, табандылықты және өз халқының тарихы мен мәдениетіне деген құрметті қалыптастырады.

Кездесу соңында қатысушылар естелікке ортақ суретке түсті. Осындай шаралар мәдени мұраны ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде маңызды рөл атқарады.

Барлық қатысушыларға белсенділігі мен қызығушылығы үшін алғыс білдіреміз!

**Серік ЖҰМАҒҰЛОВ,**  
аудандық тарихи-өлкетану музейінің директоры.

Кең байтақ қазақ жері ғасырлар бойы көптеген этностарға құтты қоныс, киелі мекен болды. Қиын-қыстау кезеңдерде қазақ халқы өзге ұлт өкілдерін бауырына басып, наным бөлісіп, шаңырағын паналатты. Сол кеңпейілділік пен дархандықтың арқасында бүгінде елімізде жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері бірлікте өмір сүріп келеді. Бұл - өлемге үлгі боларлық татулықтың көрінісі.

Тәуелсіз Қазақстан үшін бірлік - стратегиялық маңызы бар құндылық. Ел ішіндегі тұрақтылық пен келісімді нығайту мақсатында құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы бүгінде қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірліктің берік тұғырына айналды. Ассамблея түрлі этностардың мәдениеті мен тілін сақтауға, олардың рухани дамуына жағдай жасап, қоғамдағы өзара түсіністік пен сыйластықты арттыруға зор үлес қосып келеді.

Бірлік - тек саяси ұстаным ғана емес, ол - күнделікті өмір салты. Ол - көршіге деген құрмет, үлкенге ізет, кішіге қамқорлық, ортақ іске жауапкершілікпен қарау. Құралай ауылы да осы ынтымақ пен татулықтың үлгісін көрсетіп отырған берекелі мекен. Ауыл тұрғындары ұлтқа, дінге бөлінбей, бір мақсат, бір мүдде жолында еңбек етіп келеді.

Құралай ауылдық кітапханасы да бірлік пен достық идеясын насихаттауды басты

міндеттерінің бірі санайды. Кітапхана - тек білім ордасы ғана емес, ол - рухани тәрбие мен мәдени үндестіктің орталығы. Мұнда түрлі тақырыптағы кітап көрмелері, әдеби кештер, танымдық сағаттар ұйымдастырылып, әр халықтың салт-дәстүрі, әдебиеті мен мәдениеті таныстырылады. Өйткені кітап - халықтарды жақындастыратын алтын көпір.

Біз жас ұрпаққа ел бірлігінің маңызын түсіндіру арқылы олардың бойына отансүйгіштік сезімін қалыптастыруға тырысамыз. Себебі ертеңгі ел тізігін ұстайтын - бүгінгі жас буын. Олар татулық пен келісімді ту етіп ессе, еліміздің болашағы да жарқын болмақ.

Бірлігі бекем елдің тірлігі де берекелі. Ынтымағы жарасқан халықтың алар асуы биік, бағындырар белесі көп. Сондықтан да біз үшін 1 мамыр - тек мерекелі күн емес, ол - бейбіт өмірдің қадірін ұғындыратын, татулықтың бағасын арттыратын тағлымды дата.

Осы айтулы мереке қарсаңында барша тұрғындарды Қазақстан халықтарының бірлігі күнімен шын жүректен құттықтаймын! Әр шаңыраққа амандық, молшылық, береке тілеймін. Еліміз тыныш, аспанымыз ашық, бірлігіміз мәңгі болсын!

**Жұлдыз ҚАЮПОВА,**  
Құралай ауылдық кітапханасының кітапханашысы.



МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

## «КІТАПХАНА - МӘДЕНИЕТ ПЕН БІЛІМ ОРТАЛЫҒЫ»

28 сәуір күні аудандық тарихи-өлкетану музейінде Мағжан Жұмабаев ауданының орталықтандырылған кітапхана жүйесі Ұлттық кітап күніне арналған «Кітапхана – мәдениет пен білім орталығы» атты мерекелік семинар ұйымдастырды.

Іс-шараға аудан әкімінің өлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасары Азамат Шаріпов, «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Қайнолла Сма-тов, тарихи-өлкетану музейінің директоры Серік Жұмағұлов, сондай-ақ аудан кітапханашылары қатысты.

Салтанатты жиынды аудан әкімінің орынбасары ашып, ол өз сөзінде ол кітапханалардың қоғам өміріндегі маңызды рөлін атап өтті. Кітапханашыларды - білімнің насихаттаушылары, ұлттық мәдениет пен рухани құндылықтардың сақтаушылары ретінде ерекше бағалады.

Азамат Сайранұлы кітапхана қызметкерлеріне күнделікті еңбегі, шыдамдылығы, бастамашылдығы және ағарту ісіне адалдығы үшін алғыс білдірді.

Іс-шара аясында ауданның үздік кітапханашыларының еңбегі еленіп, олар жоғары марапаттарға ие болды.

Мәселен, Пулеметовқа ауылдық кітапханасының кітапханашысы Ольга Гуляева «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен марапатталса, аудандық балалар кітапханасының кітапханашысы Инна Брух, Возвышен ауылдық кітапханасының кітапханашысы Әлия Жұматаева, Чистов ауылдық кітапханасының кітапханашысы Сәуле Жақсымбетова, Құралай ауылдық кітапханасының кітапханашысы Жұлдыз Қаюпова, орталық аудандық кітапхананың қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Маржан Тұзақова аудан әкімінің Құрмет грамотасына ие болды.



Әрбір марапат – үлкен үлестің, күнделікті еңбектің, кәсібиліктің және кітапхана ісіне деген сүйспеншіліктің белгісі. Бұл – кітапханалардың және кітап пен оқырманға қызмет етіп жүрген жандардың еңбегінің маңыздылығын мойындау.

Салтанатты бөлімнен кейін бекітілген жоспарға сәйкес «Туған өлке шежіресі: кітапханадағы өлкетану жұмысы» тақырыбында жұмыс семинары өтті.

Баяндамамен әдіскер Ольга Жигаева сөз сөйлеп, аудан кітапханаларындағы

өлкетану жұмысының негізгі бағыттарын, жергілікті материалдармен жұмыс түрлерін және оқырмандар арасында өлкетану білімдерін насихаттаудың заманауи тәсілдерін таныстырды.

Бәйтерек ауылдық кітапханасының кітапханашысы Ольга Выходцева және Возвышен ауылдық кітапханасының кітапханашысы Әлия Жұматаева өз тәжірибелерімен бөлісті. Олар өз сөздерінде өлкетану жұмысын қазіргі заман талабына сай жүргізу тәжірибесін айтып, презентациялар дайындауда,

бейнероликтерді дыбыстауда және ақпараттық контент әзірлеуде жасанды интеллект құралдарын қолдану тәжірибесін атап өтті.

Іс-шара соңында семинар қатысушылары үшін аудандық тарихи-өлкетану музейінің залдары бойынша экскурсия ұйымдастырылып, олар туған өлкенің тарихы мен мәдени мұрасын танытатын экспозициялармен танысты.

**Ерлан КИЛИЧБАЕВ,**  
аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесінің кітапханашысы.

## ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ – ТАБЫСТЫҢ КЕПІЛІ



28 сәуір күні аудандық Мәдениет үйінде білім беру қызметкерлері кәсіподағының аудандық комитеті ұйымдастырған еңбекті қорғау күнін мерекелеуге арналған салтанатты іс-шара өтті. Іс-шараға білім бөлімінің бас маманы Олеся Новицкая, «АМАНАТ» партиясы филиалының төрағасы Қайнолла Сма-тов, аудандық кәсіподақ комитетінің төрағасы Надежда Пашенко қатысты.

## «ЧЕРНОБЫЛЬ: ЖАДЫМЫЗДА ЖӘНЕ КІТАПТАРДА»

Орталық аудандық кітапхананың кітапханашылары жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесіп, аудандық Мәдениет үйінде «Чернобыль: атом электр станциясындағы апаттың арнаған «Чернобыль: жадымызда және кітаптарда» атты іс-шара өткізді. Оның мақсаты - апатты жетекте қатысқан адамдардың ерлігін ұмытпай, жас ұрпаққа оның зардаптарын түсіндіру.

Апатты жоюға қатысушылар құрметті қонақтар қатарында болып, сол бір оқиғалар туралы естеліктерімен бөлісіп, оқушылардың сұрақтарына жауап берді. Іс-шараға сондай-ақ жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің өкілдері, жастар қатысты.

Чернобыль тақырыбына арналған кітап көрмесі көпшіліктің қызығушы-

лығын тудырды.

Іс-шарада «Аманат» партиясы аудандық филиалының төрағасы Қайнолла Сма-тов сөз сөйлеп, тарихи жақты сақтаудың маңыздылығын атап өтіп, апат салдарын жоюға қатысушыларға алғысын білдірді.

Кездесу жылы атмосферада өтіп, алғыс сөздермен және естелік суретке түсумен аяқталды.



**Мағжан Жұмабаев** ауданының білім бөлімі.

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТІ ДАМУ ЖӘНЕ СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ МӘДЕНИЕТТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ



Аудан әкімдігінде Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаменті қызметкерлерінің қатысуымен көшпелі семинар өтті.

Делегация құрамында департамент басшысының орынбасары Бақыт Махатов, мемлекеттік қызмет саласындағы бақылау басқармасының бас маманы Дархан Ермаков, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу басқармасының бас маманы Галия Исумғалиева болып, аудандағы мемлекеттік қызметшілермен кездесті.

Кездесу барысында мемлекеттік қызметті дамыту және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастырудың өзекті мәселелері қарастырылды.

Іс-шараға жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары, Булаев қаласының әкімі және бейінді мамандар қатысты. Сондай-ақ Zoom платформасы арқылы ауылдық округтердің әкімдері мен сала мамандары қосылды.

Талқылау барысында мемлекеттік қызметті дамытудың басым бағыттары, оның тиімділігін арттыру жолдары және сыбайлас жемқорлыққа қарсы қағидаттарды нығайту мәселелері сөз болды. Спикерлер тәжірибелік ұсынымдар беріп, қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

Семинар соңында тақырыптық бейнеролик көрсетіліп, азаматтарды жеке қабылдау өткізілді. Сонымен қатар делегация ауданның мансап орталығына барды.

Алынған ұсынымдар мен тәжірибе алмасу нәтижелері мемлекеттік қызмет көрсету саласын арттыруға және ашықтық пен айқындық қағидаттарын нығайтуға бағытталады.

ЗАҢ МЕН ТӘРТІП

## «КӘСІПКЕРЛЕР МЕН ДИАЛОГ»

«Заң және Тәртіп» идеологиясын ілгерілету тұжырымдамасын іске асыру аясында «Кәсіпкерлер мен диалог» тақырыбы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының прокуратурасы аудандық кәсіпкерлік бөлімі, кәсіпкерлер палатасының филиалы, сондай-ақ мемлекеттік кірістер органдары мен өзге де мемлекеттік құрылымдар өкілдерінің қатысуымен кәсіпкерлік субъектілерімен кездесу өтті.

Іс-шара барысында мемлекеттік кірістер органдарының өкілдері салық заңнамасындағы өзгерістерді түсіндіріп, кәсіпкерлердің өзекті сұрақтарына жауап берді және салықтық өкімшілендірудің практикалық аспектілерін баяндады.

Сонымен қатар, кездесуге қатысушыларға бизнесті мемлекеттік қолдау шаралары, кәсіпкерлікті дамытуға бағытталған қолданыстағы бағдарламалар, сондай-ақ консультациялық және құқықтық көмек алу мүмкіндіктері туралы ақпарат жеткізілді.

Кәсіпкерлер өз қызметі барысында туындайтын проблемалық мәселелерді көтеріп, уәкілетті органдар тарапынан тиісті түсіндірмелер алды.

Кездесу қорытындысы бойынша кәсіпкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, бизнес пен мемлекеттік органдар арасындағы өзара іс-қимылды нығайтуға, сондай-ақ ауданда қолайлы іскерлік ахуалды қалыптастыруға бағытталған осындай диалог алаңдарының маңыздылығы атап өтілді.



АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ

Құлдықтан және азаптаудан азат болу мәселелері адам құқықтары жүйесінде ерекше орын алады, өйткені олар адам қадір-қасиеті, жеке басына қол сұғылмаушылық және ізгілігі қағидаттарына негізделген қарым-қатынас сияқты іргелі құндылықтарды қамтиды. Бұл құқықтар абсолютті сипатқа ие және қандай да бір жағдайларда, соның ішінде төтенше ахуалдарда да шектелуге жатпайды.

## ҚҰЛДЫҚ ПЕН АЗАПТАУДАН АЗАТ БОЛУ: АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫНЫҢ БҰЛЖЫМАС КЕПІЛДІКТЕРІ

Құлдыққа, мәжбүрлі еңбекке және азаптауға тыйым салу Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакт сияқты негізгі халықаралық актілерде бекітілген. Қазақстан Республикасы осы құжаттардың қатысушысы ретінде тиісті нормаларды ұлттық заңнамаға, оның ішінде Конституция мен қылмыстық құқық жүйесіне енгізуді қамтамасыз етті.

Құлдықтан азат болу көз көлген қанау түрлеріне, соның ішінде адам сәудасына және мәжбүрлі еңбекке жол берілмейтін білдіреді. Ресми түрде тыйым салынғанына қарамастан, мұндай құбылыстар жасырын нысандарда сақталып отыр және әсіресе халықтың осал топтарына — мигранттарға, табысы төмен және тәуелді жағдайдағы адамдарға әсер етеді.

Азаптауға абсолютті тыйым салу қысым көрсету, жазалау немесе қорқыту мақсатында физикалық немесе психологиялық азап келтіретін кез келген әрекеттерді қамтиды. Мұндай әрекеттер қандай жағдай болмасын, соның ішінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету қажеттілігімен де ақталмайды.

Қазақстанда азаптаудың және қатыгез қарым-қатынастың алдын алуға бағытталған жүйе қалыптасқан,

оған қылмыстық жауапкершілік, прокуратураның қадағалауы және бас бостандығынан айыру орындарында мониторинг жүргізетін ұлттық превентивтік тетік кіреді.

Басым бағыттардың қатарында құқық қорғау қызметінің ашықтығын арттыру, ұстау жағдайларының тиісті деңгейін қамтамасыз ету және қатыгез қарым-қатынасқа нәлдік төзімділік қағидатын қалыптастыру бар. Сонымен қатар, адам сәудасының алдын алу, ведомстворалық өзара іс-қимылды күшейту және зардап шеккендерге қолдау көрсету маңызды мәнге ие.

Адам құқықтары жөніндегі уәкіл институты да маңызды рөл атқарады, ол азаматтардың өтініштерін қарауды, мониторинг жүргізуді және мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Осылайша, құлдықтан және азаптаудан азат болу — мемлекеттің құқықтық кемелділігінің негізгі көрсеткіштерінің бірі. Оны тиімді қорғау жүйелі саясатты, институттардың ашықтығын және қоғамның белсенді қатысуын талап етеді.

Жанат ЖҰМАБАЕВ,  
Адам құқықтары жөніндегі уәкілдің  
Солтүстік Қазақстан облысы  
бойынша өкілі.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

## МЕМЛЕКЕТТІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОРЫНДАУМЕН СЫЙЫСПАЙТЫН ҚЫЗМЕТ

Мемлекеттік қызметте сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақтау мәселесі кез келген құқықтық мемлекет үшін өзекті болып қала береді. Негізгі қағидаттардың бірі — мемлекеттік қызметшілерге кәсіпкерлік қызметпен айналысуға тыйым салу. Бұл норма адамның құқықтарын шектеуге емес, мемлекеттік аппараттың жұмысының адалдығын, ашықтығын және бейтараптығын қамтамасыз етуге бағытталады.



Мемлекеттік қызметші — мемлекет функцияларын орындау бойынша белгілі бір өкілеттіктер мен міндеттер жүктелген тұлға. Оның шешімдері бизнес-ортаға тікелей әсер етуі мүмкін: рұқсаттар беру, тексерулер жүргізу, бюджеттік қаражатты бөлу және тағы басқалар. Егер мұндай тұлға бір мезгілде кәсіпкерлікпен айналысса, мүдделер қақтығысы туындайды. Мұндай жағдайда шешімдердің объективті түрде қабылданатынына, яғни жеке бизнесінің немесе үлестес тұлғалардың пайдасына емес екеніне кепілдік беру қиын.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес, мемлекеттік қызметшіге жеке кәсіпкерлікпен айналысуға, коммерциялық ұйымдарды басқаруға қатысуға, сондай-ақ қызметтік жағдайында пайдалануға жол берілмейді. Бұл шектеулер тікелей қатысуға да, жанама түрлеріне де, оның ішінде бизнесті сенім білдірілген немесе үшінші тұлғалардың атына рәсімдеуге де қолданылады.


Мұндай тыйымның себептері айқын. Қоғам мүддесі үшін шешім қабылдайтын мемлекеттік қызметші жеке пайда табуға мүдделі болмауы тиіс. Мемлекеттік қызметті кәсіпкерлікпен ұштастыру жеке

мүдделерді қолдауға, жекелеген бизнес субъектілеріне негізсіз артықшылықтар беруге, сондай-ақ адал бәсекелестік қағидаттарын бұзуға әкелуі мүмкін.

Осындай фактілерді уақтылы анықтауға ерекше назар аудару қажет. Осыған байланысты мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулерді сақталуын бақылауды күшейтуде, мемлекеттік деректер базаларындағы мәліметтерге талдау жүргізуде, сондай-ақ азаматтар мен заңды тұлғалардың өтініштерін қарауда.

Мемлекеттік қызмет — бұл жай ғана жұмыс немесе лауазымдық міндеттерді орындау емес. Бұл — азаматтардың сенімі мен жоғары жеке жауапкершілікке негізделген қоғамға қызмет ету. Мұндай тұлға мемлекет пен халық мүддесінің өкілі болып табылады, адамдардың өміріне, құқықтары мен мүмкіндіктеріне әсер ететін шешімдер қабылдайды.

Рахат НҰҒЫМАНОВ,  
ҚР Мемлекеттік қызмет істері  
агенттігінің Солтүстік Қазақстан  
облысы бойынша департаментінің  
бас маманы.



Дүйсенбі, 4 мамыр	Сейсенбі, 5 мамыр	Сәрсенбі, 6 мамыр	Бейсенбі, 7 мамыр	Жума, 8 мамыр	Сенбі, 9 мамыр	Жексенбі, 10 мамыр
<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>	<b>QAZAQSTAN</b>
05.30 ӘНУРАН. 05.35 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 06.00 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.00, 13.10, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10, 02.15 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ҮШҚЫН». 14.20 АПТА. 15.00 «АҚОРДА». 15.15, 02.55 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.40 Т/Х «ЖАНА ҚОНЫС». 17.20, 00.40 ҚАЗЫР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 02.00 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ҮШҚЫН». 14.20 «ТАЛАНТТЫ ТАҢУ». 14.45 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.40, 21.25 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 02.30 ҚАЗЫР АЙТАЙЫҚ». 20.25, 02.25 АҚША ӨЛІШПЕСТІ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 03.10 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН». 23.50 ФУТБОЛ.	05.30 ӘНУРАН. 05.40, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «КҮЙЕУ БАЛА». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 Т/Х «ҮШҚЫН». 14.20 ЗАҢ АЛДЫНДА. 14.40 Д/Ф. 15.10 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.40 Т/Х «ЖАҢА ҚОНЫС». 17.20, 00.40 ҚАЗЫР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 01.20 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 02.20 АҚПАРАТ. 06.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 ТАՆSHOLPAN. 09.00, 02.50 МЕРЕКЕЛІК КОНЦЕРТ. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «АУКА - САХНАДА 10 ЖЫЛ». 14.00 АҚСАУЫТ. 14.25 М/Ф «БАТЫЛ ЖҮРЕК». 15.45, 00.10 «АРЛАН», Х/Ф. 20.15 АРНАЙЫ ЖОБА. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.25 КОНЦЕРТ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 10.00, 13.00, 17.00, 20.00, 00.45 АҚПАРАТ. 05.50 «АҚСАУЫТ». 06.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.00 «ТАՆSHOLPAN». 09.00, 21.25 Т/Х «ҚЫЗДЫҢ ЖОЛЫ». 10.10, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 13.10 М/Ф «БАТЫЛ ЖҮРЕК». 14.30 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 15.40 Т/Х «ЖАНА ҚОНЫС». 17.20, 01.15 ҚАЗЫР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 22.20, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 23.10 «1001 ТҮН». 00.10 ПАРСАТ МАЙДАНЫ.	05.30 ӘНУРАН. 05.35 АҚПАРАТ. 06.05 «АУЫЛДАСТАР». 06.30 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 08.00 «САФАДАТ САЛҒАН ЖОЛ», Д/Ф. 08.40 КОНЦЕРТ. 09.15 «БРЕГЕЙ», Д/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 Д/Ф. 12.35 М/Ф «ФЕРДИНАНД». 14.10, 02.00 «PRIME ERA». 14.30 Т/Х «ЖАБАЙЫ АЛМА». 17.40 ҚОС ПАЛАТА. 20.00, 01.30 АРНАЙЫ ЖОБА. 20.15, 01.45 ӨЛЕМ ЖӘНЕ БІЗ. 20.30 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.20 «ҚАЙЫРЫ КЕШ». 23.00 «АНАҒА АПАРАР ЖОЛ», Х/Ф. 02.20 КОНЦЕРТ. 02.55 «ДӘУІР ДАНАЛАРЫ».	05.30 ӘНУРАН. 05.35 «АУЫЛДАСТАР». 06.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 07.50 М/Ф «ФЕРДИНАНД». 09.25, 02.50 Д/Ф. 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «ҚАЙЫРЫ КЕШ». 13.40, 01.00 «ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ». 14.00, 04.10 ДЕРЕКТІ ФІЛЬМ. 14.30 Т/Х «ЖАБАЙЫ АЛМА». 17.40, 00.45 АҚОРДА. 20.00, 00.05 АПТА. 20.40 Т/Х «ГҮЛДЕР СЫРЫ». 21.30 «МУЗАРТ». 01.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 03.25 «ІНЖУ-МАРЖАН».

Дүйсенбі, 4 мамыр	Сейсенбі, 5 мамыр	Сәрсенбі, 6 мамыр	Бейсенбі, 7 мамыр	Жума, 8 мамыр	Сенбі, 9 мамыр	Жексенбі, 10 мамыр
<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>	<b>ХАБАР</b>
05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 COVER SHOW. 14.00 ӘЛЕУМЕТ. 14.30 КӨЗҚАРАС. 15.00 «ИСПАНСКИЙ АНГЛИЙСКИЙ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «ЧЕРНАЯ МОЛНИЯ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 НАРОДНЫЙ КОНТРОЛЬ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ЧЕРНАЯ МОЛНИЯ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «ВЗРЫВ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 09.30 М/Ф «ЛУНТИК». 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.30 Д/Ф. 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 НЕОСЕТЬ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ВЗРЫВ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «ШЕСТОЙ ПОСТ», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.30 Д/Ф. 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 НЕОСЕТЬ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ШЕСТОЙ ПОСТ», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 КЕШРЕС. 23.00 «ДВОЙНОЙ ДРАКОН», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 ОЯН! 09.00 М/Ф. 10.00, 20.00 Т/Х «ЭШРЕФТИҢ АРМАНЫ». 12.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 12.30 Д/Ф. 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 АРНАЙЫ РЕПОРТАЖ. 14.30 ПУЛЬС ПЛАНЕТЫ. 14.45 ЖЕР-ЖАҒАН. 15.00 «ДВОЙНОЙ ДРАКОН», Х/Ф. 17.00 Т/С «МЕЧТА ЭШРЕФА». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.00 ҚОҒАМ ПІКІРІ. 23.00 «БІЗДІҢ ЖІГІТТЕР АҒАН», Х/Ф. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 00.00 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 09.35 «БАЛАМ ҮШІН...». 10.00 Д/Ф. 10.30 М/Ф. 12.00 «БІЗДІҢ ЖІГІТТЕР АҒАН», Х/Ф. 14.00 ХХІ ҒАСЫР ҚОҢБАСШЫСЫ. 15.30 КОНЦЕРТ. 17.00 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 18.00 Т/Х «ҚАРА ҚЫЗ». 20.00 COVER SHOW. 22.00 «ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ», Х/Ф. 00.00 НҮРЖАН КЕРМЕНБАЕВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.	05.00, 23.15 Т/Х «ФАТМАҒҮЛ». 07.00 АЛҒАШҚЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 Д/Ф. 10.30 М/Ф. 11.45 «ВРЕМЯ ПАТРИОТОВ», Х/Ф. 13.45 ӨМІР ӨРНЕГІ. 15.00 АЗАМАТ. 16.15 Т/Х «КЕЛІНЖАН». 19.00 7 КУН. 19.40 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 20.00 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.15 «ДОБРО ПОЖАЛОВАТЬ В РАЙ», Х/Ф. 23.30 КОНЦЕРТ. 01.00 КР ӘНУРАНЫ.

Дүйсенбі, 4 мамыр	Сейсенбі, 5 мамыр	Сәрсенбі, 6 мамыр	Бейсенбі, 7 мамыр	Жума, 8 мамыр	Сенбі, 9 мамыр	Жексенбі, 10 мамыр
<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>	<b>ЕВРАЗИЯ</b>
06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 13.20 АНАЛИТИКА. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.20 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 П@УТИНА.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЛЮБОВЬ ПО-ЯПОНСКИ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 П@УТИНА.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЛЮБОВЬ ПО-ЯПОНСКИ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 П@УТИНА.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЛЮБОВЬ ПО-ЯПОНСКИ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00, 02.55 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00, 01.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 Т/С «ПЕРВЫЙ ОТДЕЛ-3». 01.35 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 П@УТИНА.	06.00 КЕШКІ КЕЗДЕСУ. 07.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН. 08.30 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН. 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО! 10.50 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 11.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 12.50 Т/С «ЛЮБОВЬ ПО-ЯПОНСКИ». 14.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.15 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.30 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 KÖREMIZ-ШОУ. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПАРЛАМЕНТ ONLINE. 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 Т/С «СТАРОЕ РУЖЬЕ». 03.45 П@УТИНА.	06.00 Т/Х «КАСЫМ». 10.00 Т/С «В ПАРКЕ ЧАИР». 18.45 «В БОЙ ИДУТ ОДНИ СТАРИКИ», Х/Ф. 20.50 «АЛЛИГАТОР», Х/Ф. 01.15 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.00 «КЕШ ҚАЛМАЙЫҚ».	06.00, 02.30 КЕШ ҚАЛМАЙЫҚ. 07.00 «СТАРОЕ РУЖЬЕ», Х/Ф. 10.45, 15.00 Т/С «В ПАРКЕ ЧАИР». 14.00 «ГОВОРИМ О ГЛАВНОМ». 16.25 «АВГУСТ», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.50 «АЛЛИГАТОР», Х/Ф. 01.20 «ЧТО? ГДЕ? КОГДА?».

1. Өз ұлтын сыйламау, оны мақтаншы етпеу – сақтықтың белгісі.  
2. Ел дегенде еміреніп, жұрт дегенде жүзіңіз қызмет еткің!  
3. Отан үшін отқа түс – күймейсің.  
4. Опасызда Отан жоқ.  
5. Елсіз ер болмайды, жұртсыз жігіт болмайды.  
6. Өтіріктің балын жалап тірі жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық!  
Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



## ГАЗЕТКЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

**Құрметті «Мағжан жұлдызы»  
газетінің оқырмандары!**

**Сіздерге, 2026 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны басталғанын хабарлаймыз.**

**Газетке аудандық пошта және газет редакциясында жазылуға болатынын еске саламыз.**

**Газетке жарты жылға жазылу бағасы:**  
жеке тұлғалар үшін - 2185 теңге,  
заңды тұлғалар үшін - 3372 теңге.

**Анықтама телефоны:**  
пошта - 2-17-80,  
редакция - 2-21-35.



## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ-2026» ҰЛТТЫҚ БАЙҚАУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМА

**Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 6 желтоқсандағы № 250 өкіміне сәйкес Қазақстанда жыл сайын «Мерейлі отбасы» ұлттық кеші ұйымдастырылып отырады.**



Ұлттық конкурс адамгершілік құндылықтарды жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) оң бейнесін насихаттауға, отбасы мәртебесін арттыруға бағытталған.

Конкурсқа өзін-өзі ұсыну арқылы, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардың, заңды тұлғалардың ұсынуы бойынша отбасылар қатысады.

Конкурсқа қатысу үшін өтінім аудандық (қалалық) комиссияларына 2026 жылғы 15 мамырдан 15 маусымға дейін тапсырылады.

**Бірінші** – аудандық (қалалық) кезең

(29 маусымға дейін).

**Екінші** – облыстық кезең (15 шілдеге дейін).

Облыстық комиссиялардың шешімдері негізінде жеңімпаз отбасыларға «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаты атағы беріледі.

Толық ақпаратты «СҚО әкімдігінің ішкі саясат басқармасы» КММ [www.dvp.sko.gov.kz](http://www.dvp.sko.gov.kz) сайтынан алуға болады.

**Мағжан Жұмабаев ауданының ішкі саясат бөлімі.**

## 2026 жыл 400 АЕК қайтарымсыз грант



Басталуы —  
наурыз айы



Грант мөлшері:  
1 730 000 теңге

### 400 МРП гранты кімдерге арналған?

- ✓ Көпбалалы отбасылар
- ✓ Аз қамтылған отбасылар
- ✓ Ерекше баласы бар отбасылар
- ✓ 1-3 топтағы жұмысқа жарамды мүгедектігі бар азаматтар

- ✓ Асырасушысынан айырылғандар
- ✓ Қандастар
- ✓ Қоныс аударушылар

**Тек осы санаттардың біріне жатсаңыз ғана қатыса аласыз.**

**МИНДЕТТІ ТАЛАПТАР:**

- Жұмыссыз ретінде тіркелуі керек
- ЖК (ИП) болса — ашылғанына 1 жыл толмаған болуы қажет

**ХАТЫСА АЛМАЙДЫ:**

- Тұрақты жұмысы бар декреттегі аналар
- Зейнеткерлер
- Зейнетке шыққан ІІМ қызметкерлері
- Студенттер

Толық ақпарат алу үшін хабарласыңыз:

**8 771 106 53 30**

## АЛАЯҚТАРДАН ӨЗІҢІЗДІ ҚОРҒАҢЫЗ

Алаяқтар Сіздің ұялы телефоныңызға қоңырау шалып, өздерін банк қызметкері деп таныстыра алады. Сөйлесу кезінде Сізді "HopToDesk", "RustDesk", "AnyDesk", "TeamViewer" қосымшаларын жүктеуге көндіруге тырысады.

  
TeamViewer

  
AnyDesk

  
RustDesk

  
HopToDesk

### АЛАЯҚТАРДЫҢ БЕРГЕН НҰСҚАУЛАРЫН ОРЫНДАМАҢЫЗДАР!

Сізге қатысты алаяқтық жасалған жағдайда шұғыл түрде 102 телефонына хабарласыңыз.

## ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ - ТЕЗ ЖӘНЕ ОҢАЙ АҚША ТАБУ ТУРАЛЫ ҮЕДЕ

**БҰЛ ТАБЫС АЛУДЫҢ АЛАЯҚТЫҚ СХЕМАСЫ**

- 1 Оңай ақша табу туралы үеде
- 2 Олар көпіндендірілген табыс береді
- 3 Жобаға достарын белсенді тартуды сұрайды
- 4 Өте жоғары пайыздық мөлшерлемелермен инвестициялайды

**Қаржы пирамидаларының негізгі түрлері:**

- Мессенджерлеріне шақырту сілтеме арқылы қағидатына негізделген пирамида;
- Желілік маркетинг қағидатына негізделген пирамидалар;
- Пенци типіне сай негізделген пирамида;
- Көп деңгейлі пирамидалар.

**САҚ БОЛЫҢЫЗ!**

<p>Директор - бас редактор Незя ГОИЧАР</p> <p>Газеттің меншік иесі: «Акта» «Вест» ЖШС</p>	<p>Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев каласы, Батыр Баян көшесі, 13 үй. Тел: 2-17-49. Басылым индексі 65360 e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz</p>	<p>Газет аптасына 1 рет бейсенбі күні шығады. Жазылу индексі - 65360</p>	<p>«Magjan zhuldyzy» газеті редакцияда теріліп беттеледі. «Северный Казахстан» баспаханасында басылады. (Петровав к., Кошукв к-сі, 5 үй). Таралымы - 600</p>	<p>Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша шығарылады жәе газеттер арқылы мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізудегі ресми басылым болып табылады.</p>
---	---	--	--	--

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізін беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады.